

Аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 26 наурыздағы "Жиындар мен төлемдердің жеке түрлері бойынша ставкаларды, бір жолғы талондар құнын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының 2008 жылғы 1 тамыздағы N 10-1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 29 тамызда N 13-9-82 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының 2009 жылғы 1 ақпандағы N 14-2 Шешімімен

Ескерту. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының 2009.02.01 N 14-2 Шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы «Салықтар мен бюджетке түсетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 373-бабының 2-тармағына сәйкес аудандық мәслихат сессиясы **ШЕШТІ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 26 наурыздағы «Жиындар мен төлемдердің жеке түрлері бойынша ставкаларды, бір жолғы талондар құнын бекіту туралы» (мемлекеттік тізілімде № 13-9-25 2006 жылғы 17 сәуір тіркелген, аудандық «Вести» газетінің 2006 жылғы 28 шілдедегі № 30, 2006 жылғы 4 тамыздағы № 31 сандарында жарияланған) шешімі аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 28 наурыздағы № 6-13 «Аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 26 наурыздағы «Жиындар мен төлемдердің жеке түрлері бойынша ставкаларды, бір жолғы талондар құнын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» (мемлекеттік тізілімде № 13-9-74 2008 жылғы 8 мамыр тіркелген, аудандық «Вести» газетінің 2008 жылғы 23 мамырдағы № 21 санында жарияланған) шешімімен нақтыланғанын есепке ала отырып, мынандай өзгерістер енгізілсін:

Аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 26 наурыздағы «Жиындар мен төлемдердің жеке түрлері бойынша ставкаларды, бір жолғы талондар құнын бекіту туралы» шешіміне № 1, № 2-қосымшалар жаңа редакцияда жазылсын. (Қ о с а б е р і л г е н) .

2. Осы шешім мемлекеттік тіркелген кезден күшіне енеді, бірінші ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
В.Уваров

В.Гюнтнер

Мәслихат хатшысы

Мағжан Жұмабаев ауданының әрекеттегі нарығында тауар сатумен айналысатын тұлғалар үшін бір жолғы талондардың құны

күн сайынғы сауда үшін

| № | Атаулары | Құны |
|----|--|-----------|
| 1 | Тұрақты тұрғын жайдағы саудадан басқа қол саудасы | 18 теңге |
| 2 | Тұрақты тұрғын жайдағы саудадан басқа азық-түлік өнімін бөлшектеп сату | 275 теңге |
| 3 | Тұрақты тұрғын жайдағы саудадан басқа күнделікті тұрмысқа қажет тауарларды бөлшектеп сату | 130 теңге |
| 4 | Тұрақты тұрғын жайдағы саудадан басқа аралас тауарларды бөлшектеп сату | 113 теңге |
| 5 | Тұрақты тұрғын жайдағы саудадан басқа қосалқы қорды бөлшектеп сату | 227 теңге |
| 6 | Үй жануарларын сату | 113 теңге |
| 7 | Тұрақты тұрғын жайдағы саудадан басқа 20 атауға дейінгі дейін шағын сұрыпталымда аралас тауарларды немесе азық өнімін бөлшектеп сату | 79 теңге |
| 8 | Тұрақты тұрғын жайдағы саудадан басқа демалыс күндері жолсапарға шығып бөлшектеп сату | 250 теңге |
| 9 | Шошқа егін сату | 318 теңге |
| 10 | Сыыр егін сату | 340 теңге |

Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша қызметі ара-тұра сипаттағы жеке тұлғалар үшін кәсіпкерлік қызметтің бір күндік бір жолғы талондардың құны

| Кәсіпкерлік қызметтің түрлері | Құны |
|--|------------|
| 1. Тұрақты тұрғын жайдағы саудадан басқа газет-журналдарды қолдан сату | 28 теңге |
| 2. Жабық тұрақты жайдан басқа тұқым, басқа да отырғызу материалдарын (талдар, көшеттер) сату | 102 теңге |
| 3. Бақша өнімдерін сату, тұрақты тұрғын жайдағы саудадан басқасы | 199 теңге |
| 4. Автомобиль көлігін айдау бойынша қызмет көрсету | 1133 теңге |
| | |

| | |
|---|--|
| 5. Жеке трактор иелерінің жер учаскелерін өңдеу бойынша қызмет көрсетуі | 113 теңге |
| 6а) жолаушыларды тасымалдау бойынша жеке жеңіл автокөліктер иелерінің қызмет көрсетуі (лицензиясы барлардан басқасы): | |
| <ul style="list-style-type: none"> • қала ішінде • аудан бойынша • қалааралық | 113 теңге 127 теңге 397 теңге |
| 6б) жүк тасымалдау бойынша жеке жүк көлігі иелерінің қызмет көрсетуі (лицензиясы барлардан басқасы) қала ішінде, аудан бойынша, қалааралық: | |
| <ul style="list-style-type: none"> • 5 тоннаға дейін • 10 тоннаға дейін • 15 тоннаға дейін • 15 тоннадан жоғары | 153 теңге 232 теңге 324 теңге 340 теңге |
| 7. Тұрақты тұрғын жайдағы саудадан басқа саяжайда және үй маңындағы бақтарда өсірілген гүлдерді сату | 102 теңге |
| 8. Тұрақты тұрғын жайдағы саудадан басқа қосалқы шаруашылықтың, бақша өнімдерін сату | 56 теңге |
| 9. Балық сату | 171 теңге |
| 10. Бал сату | 102 теңге |
| 11. Құс пен малды бағу | 164 теңге |